

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JRCO3647>**М. Т. Есмамова, *Ж. С. Таласпаева, Г. С. Хамзина**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

*e-mail: talaspaeva@inbox.ru

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР НЕГІЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ОЙКОНИМДЕР (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША)

Тағылымсыз тарих жоқ. Егер ол болмаған болса, адамзат «тәуелсіздік», «теңдік», «демократия», «мәдениет», және басқа осы сияқты қасиетті мұраттар үшін қан төгіп күреспеген болар еді. Кісі есімдерінің, тарихи тұлғаларымыздың ұлттық санадағы орны мен танымдық ерекшелігі, тарихтағы орны, ономастикалық кеңістіктегі, оның іштей сараланған түрлеріне берілген атаулар неліктен, сол есімдерге ие болу себебі деген мәселе маңызды. Батыл қолбасшы, мемлекет қайраткері, дарынды елші, сөзге шешен ретінде қазақ халқының жсадында сақталған танымал тұлғаларды тарих бетінде жазылған аңыз-әңгімелерден, шежірелерден білеміз. Ондай тұлғалар Қазақстанда Тәуелсіздік символына айналған ономастикалық кеңістікте орын алады. Есімі елге танылған хандарымызға, би-шешендерімізге, батырларымызға арналған резиденциялар, ескерткіштер, монументтер мен мәдени, оқу орындарының атауы берілуі осыған дәлел. Мақалада Солтүстік Қазақстан облысының тарихи тұлғаларының жүріп өткен тарих жолын, сол жолда сіңірген еңбегі бағаланып, ономастикалық кеңістіктен орын алғаны баяндалады. Қазақ шыққан тегін, туып өскен өлкесін зерделеп, өсер ұрпағының ертеңіне ерекше мән бере білген. Сондықтан тарихи тұлғалардың есімдерінің маңыздылығына сай ескерткіш ретінде сақталған нысандар баршылық, сол туралы сөз қозғалады. Мақалада аты аталған тарихи тұлғаларымыздың жерленген орындары Солтүстік Қазақстан облысының сакралды картасына еніп отырғандығы баяндалады.

Кілтті сөздер: тарихи тұлға, даңқты есімдер, ономастикалық кеңістік, ойконим, урбаноним, мұра, кесене, ескерткіш, сакралды орындар, ұлттық таным.

Кіріспе

Тарихтағы тұлға – адамның тарихи уақыт пен кеңістіктегі орны, халықтық бағаға ие болған, белгілі бір қызметі, ісі арқылы ізін қалдырған адам. Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, топонимдер мағынасын халықтық таным тұңғығына өрбіту, ойконимдердің тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымдық динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. Осы орайда біздің жас ұрпақтарымыз үшін ата-жұрт, ата-баба тарихы, тіптен антикалық тарихтан да қымбат болуға тиіс.

Материалдар мен әдістер

Топонимдердің жасаушы иесі де, пайдаланушысы да халық болғандықтан, ол тек географиялық себептерден пайда болған құбылыстар емес, қайткен күнде де, тарихи себептерден туған тілдік құбылыстар болып табылады. Географиялық орта тек арақатынастық рөл атқарады. Ал атаудың тууына ол дербес себепкер бола алмайды. Географиялық атаудың қалыптасуына сол бір объектінің күнделікті адам тіршілігіне қажеттігі мұрындық бола алады. Сол елді мекенде өмір сүріп, тарихында, мәдениетінде, оқу ісінде еңбегі сіңіп, мәңгі өшпей қала беретін ірі тұлғаларымыздың есімдеріне ескерткіш ретінде ұрпаққа мұра ретінде қойылған атаулар баршылық. Бұндай атаулар топонимнің ойконим бөліміне жатады [1, 6-б.].

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданына қарасты Бұлақ аулынан 7 шақырым жерде Құлсары батырдың жерленген жері бар. Халық аңызы бойынша Құлсары қазақ елінің жерін қорғау үшін он мыңдық әскер жинап, талантты ұйымдастырушы болған. 30 жылдан астам уақытын Қазақ хандығының нығаюына, оның сыртқы және ішкі саясатына белсене араласты, ақылды, дарынды елші болды. Сондай-ақ, қазақ руларының арасындағы бірлік пен тыныштықты жақтады, оның беделі мен өткір сөзі ел ішіндегі, ру арасындағы алауыздықты шешті. Құлсара елге әулие ретінде де танымал. Ел басына төніп тұрған қауіпті алдын ала болжай білген, ауру адамдарды да емдеген. Әулие-батырдың қабіріне тек солтүстік қазақстандықтар ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінің тұрғындары да өздерінің аурулары мен одан құтылу үмітімен келіп қонады. 1958 жылы Құлсары жерленген жерге оның алтыншы ұрпағы Қалиасқар Рахимов ескерткіш тас пен темір қоршау

орнатқан. 2011 жылы Абылай ханның 300 жылдығына Құлсары батыр Бөріұлының мазары ашылды.

Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданына қарасты Аралағаш ауылының тұрғындары Жансүгір батырдың есімін мақтан тұтады. Тереңкөл көлінің жанында батырдың мазары бар. Қабір қасиетті орын болып саналады. Жансүгір батырдың туған жылы белгісіз. 1742 жыл деп болжанады. 15 жасында ерлігімен таныла бастайды, 18 жасында біздің өлкемізді мекен еткен Орта жүздің Атығай руынан шыққан жасақтарын басқарған. XIX ғасырдың бірінші жартысында хан билігі өз күшін жоғалтады, қазақ даласын патшалық Ресейдің генерал-губернаторлары басқара бастайды. Жергілікті халықтың Жансүгірді құрметтейтінін, ақыл сұрап, сөзін тыңдайтындығын жақсы білген губернатор оған капитан шенін беріп, қазіргі ауданға тең аумақты басқаруға сеніп тапсырады. Сол кезде ол Жансүгір би атанады, елдегі дау-жанжалдарды әділ шеше біледі [2, 15-б.].

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында Ер Жәнібек батырдың және Абылай ханның серігі болған Байталақ батыр жерленген. Тимирязев ауданында Докучаев ауылының 4-5 шақырым жерде Сары батыр мен Суыр батырдың кесенесі орналасқан.

Келесі нысанамыз – жыраулар. Осыдан екі жыл бұрын Петропавл қаласында Қожаберген жырауға ескерткіш орнатылды. Қожаберген 1663 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Благовещенка ауылында Гүлтөбе деген жерде дүниеге келген. Оның әкесі Толыбай Орта жүздің атақты қолбасшысы, ал шешесі атақты шешен, Айдабол бидің қызы болған. Қожаберген жырау-ақын, жыршы, батыр, қолбасшы, дарынды елші. 17 жасында «Ата тек» поэмасын жазған. Тәуке хан әскерінің қолбасшысы болған. Ең негізгі халыққа сіңірген еңбегі – Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағын әзірлеуге қатысқан. Атақты қазақ билері жинақты жазуға қатысқаны белгілі. Қожабергеннің қаламына «Жеті жарғы» тарихи поэмасы тиесілі, онда ол қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік жағдайын сипаттаған.

Өзіміздің қалада қазіргі жастардан жоғарыда аталған Солтүстік Қазақстан облысының атақты тарихи тұлғалары жайында сұрақ-сауалнама жүргізгенде, 70 пайызы жақсы хабардар екендігін байқадық. Біздің ойымызша, бүгінгі елімізде жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан игі істер, Қазақстанның сакралды орындары, оқушыларды тарихқа баулу, көптеген қызықты кітаптардың жариялануы – барлығы себеп болды деп ойлаймыз. Қоғамда қалыптасқан сананы өзгерту жолында дүниетанымдық кештер өткізілуде, ғылыми-теориялық конференциялар, жастар осы тақырыптарда ғылыми жобалар қорғап, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр.

Қазақстанда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тіркесінің мағынасы қандай, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» өлеңінен үзінді білесіздер ме, «Батыр Баян» поэмасын кім жазды, Баян туралы не білесіздер т.б. сұрақтар қойылды. Жастарымыздың хабардар екендігіне қатты риза болдық. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығының директоры Р. Мәмбеталинов батырлардың жерленген жерлерін зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасуда, мұндай орындардың облыстың әр ауданында бар екенін, ол әлі зерттелуі қажет деген пікір айтты.

Бірқатар қазақстандық тарихшылардың пікірінше, Абылай ханның шежіресі Жошы ханға, сондай-ақ, Қазақ хандығының негізін салушы әз-Жәнібекке оралады. Жоңғар шапқыншылығының қанды жылдарында Әбілмансұр жетіп қалады. Төле бидің түйесін, Әбілмәмбет төренің жылқысын бағып жүріп, өзінің тентек қылығы мен сыртқы келбетіне қарай «Сабалақ» (жыртық) атанып кетеді. Осы кезде ол шамамен 13 жаста болатын. Төле биден алған тәрбиесі болашақта Абылайға тәуелсіздікке қол жеткізген болашақ хан ретінде, тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етті. Төле би қазақ даласының көпғасырлық даналығының көрінісі, көпшілікті басқара алатын, қажет болған жағдайда ұрыста түрлі әскери әдістерді қолдана алатын сауатты, шешен жігітке үлгі болды. Сонымен қатар атақты Бұқар жырау мен Үмбетей де оның ерте есеюіне, халық арасында билеушінің ерлігі мен әдіскерлігінің танылуына ықпал етті. 16-17 жас шамасында Абылай халықтың мүдделерін қорғап, ел мен әскерді басқару принциптерін түсінетін ақылды, дарынды адам болып қалыптасты. Тарихи деректерге сүйенсек, Абылай 20 жасында Бөгенбай батырдың әскерінде жорықтар мен шайқастарға қатысқан. Абылай даңқының шыңы жоңғар билеушісі Қалдан-Церен Шарышпен болған жекпе-жекте көрінеді. Абылай оны өлтіріп, беделге ие болады. Қызылжар, Көкшетау, Кереку, Зайсан шекараларын қорғап, нығайтты. Бүгінде Абылай ханың резиденциясы немесе Абылайдың ақ үйі Петропавлдағы Петр бекінісінің жанында республикалық маңызы бар мәдениет ескерткіші бар. Исі қазақтың ұранына айналған, үш жүздің басын біріктіріп, жауға шапқан бабамыз Абылай ханға осындай ескерткіш орнату – санадан біртіндеп өшіп, жас жеткіншектерге беймәлім болып бара жатқан баба аты қайта жаңғырды. Бүгінде жас ұрпақты ерлікке, елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін бірден-бір орынға, қаламыздың көркіне, мақтанышына айналды.

Оқу-ағартушы тұлғаларымыз Әбу Насыр әл Фарабиден бастап, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов сынды тұлғалардың да алар орны ерекше. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Жарқын ауылында 1900 жылы дүниеге келген көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы, әдебиет сыншысы еңбек жолын ауылда мұғалім болып бастаған С. Сәдуақасов сыни жанрдың қалыптасуына үлес қосты, әдеби пікірталастарға

қатысты. Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ұлттық театртану бойынша «Ұлттық театр туралы» алғашқы еңбегін жазған. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Журналистика» кафедрасында С.Сәдуақасов атындағы әдеби-публицистикалық бірлестік жұмыс істейді. Астана қаласында С. Сәдуақасов атындағы көше бар, Көкшетау қаласында бюст орнатылған, Ақжар ауданында Ұялы ауылдық округте С. Сәдуақасов атындағы Ұялы орта мектебі іргелі білім ордасы бар. Бұл халық ағарту ісіне қосқан үлесінің жемісі деп білеміз.

«Нағыз адам болу үшін өзінді, жақындарынды ғана сүйе жеткіліксіз. Міндетті шарт – адамзатқа деген сүйіспеншілік» М. Жұмабаев. Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылында дүниеге келеді. Өмір жолы, қызмет жолы, ақындығы барлығымызға таныс. Қазақ жазушысы, ақын, публицист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы-педагог өлеңдерінде, поэмаларында, әңгімелерінде халық алдындағы жауапкершілік сезімін білдіреді, жарқын күн сәулесі сияқты бостандыққа шығып, айналасындағы барлық затты жарқын шумақтарымен жарықтандырады. 1993 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Сарытомар ауылында М. Жұмабаев мұражайы ашылды. Петропавл қаласындағы Педагогикалық колледжіне 1993 жылы ғалым М. Жұмабаевтың аты беріледі. Бүгін ол оқу орны М. Жұмабаев атындағы Жоғарғы педагогикалық гуманитарлық колледжі деп аталады.

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тарихтың таразысынан ойып тұрып орын алатын тарихи тұлғаларымыз бен бері келе қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай сынды тұлғалардың қатарында Солтүстік Қазақстан облысының қоғам қайраткерлері Шаймерден Қосшығұловты да атап өтуге болады. Қосшығұлов Шаймерден 1869 жылы Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданына қарасты Қоғам ауылында дүниеге келген. Санкт-Петербург қаласында мұсылмандардың «Серке» газетіне қаржылай көмек көрсетіп отырған, ағартушылық, діни жұмыстармен айналысқан, ауыл балаларының сауатын ашқан. Туған ауылындағы мектепке Шаймерден Қосшығұлов есімі берілген. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында 1891 жылы дүниеге келген қазақ әдебиетшісі, түрколог, қоғам қайраткері Абдрахман Байдильдин. Ақмола облысындағы Қазақ ұйымын құруға белсенді қатысқан. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы. Қазақ АССР ағартушы қызметкерлері Одағының Орталық басқармасының төрағасы. 1929 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінің

(қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) оқытушысы. 1929 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, 1931 жылы ату жазасына кесілді. «Біздің болашақтағы мақсатымыз» (1926), «Білім беру қызметкерлеріне арналған нұсқаулық», «Жаңа әліппе» (1928) еңбектерінің авторы. 1990 жылы Қазақ КСР прокуратурасының қорытындысымен ақталды.

Ономастика саласының іштей бірнеше тармағы бар. Соның бірі – урбанонимдер. Қала, ауыл, белгілі тұрғылықты жердің көше атауларын, дүкен, мектеп, мәдениет орындарының атауларын, ескерткіштерді қарастыратын сала. Солтүстік Қазақстан облысында осы тұлғаларға арналған естелік орындар бар. Мысалы: 2012 жылы 9 желтоқсанда Петропавл қаласында Үкілі Ыбырайға ескерткіш орнатылып, шағын баққа есімі берілді. Ақынның туған жерінде, Айыртау ауданына қарасты Үкілі Ыбырай ауылында мектептің жанында қола мүсін орнатылды. Біржан сал Қожағұлұлына Ақмола облысында туған ауданына аты берілді, қазір Біржан сал ауданы деп аталады. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында Гүлтөбе-Маманай деген жерде Мұхаммед-Қанапия (Сегіз сері) 1818 жылы дүниеге келеді.

Қылышпын қынабынан алынбаған,

Алтынмын таразыға салынбаған.

Ашамайлы Керейдің ер ұлымын,

Бейне бір жанған оттай жалындаған, – деп өзі жырлағандай, ақындық, сазгерлік өнерімен елге танылған, серілердің атасы атанған халқымыздың даңқты ұлдарының бірі. Петропавл қаласында Сегіз сері атындағы Қазақ халық аспаптар оркестірі құрылған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының мәдениетінің биікке көтеруге өз үлесін қосқан дарынды тұлғалардың алдыңғы сапында Ақан сері Қорамсаұлы тұрады. Ақмола облысы Қоскөл жерінде дүниеге келген. Серінің өмірі мен тағдыры туралы І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғ. Мүсірепов «Ақан сері, Ақтоқты» драмасын, С. Жүнісов «Ақан сері» романын жазды. Көкшетау қаласының мәдениет колледжіне серінің аты берілген. Бүгінде ол – Ақан сері атындағы Жоғары мәдениет колледжі деп аталады.

Қазақ ғылымына бай мұра қалдырған белгілі зерттеуші, этнограф, көшпелі халықтардың өмірі мен мәдениетін зерттеген ғалым Ш. Уәлиханов. Шын атын – Мұхаммед Қанапия, анасы еркелетіп Шоқан деп атаған. Құсмұрын бекінісінде туған. Балалық шағы Сырымбетте өтеді. Өмір жолы, шығармашылығы барлық қазақстандықтарға, ТМД елдерінде және шет елге танымал. Шоқан Талдықорған облысының Алтын Емел жотасында жерленген. Бүгін Солтүстік Қазақстан облысының Күрделі ауданына ғалымның аты берілген. Уәлиханов ауданы 1928 жылы құрылған, орталығы – Кішкенекөл. Көкшетау қаласында Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті орналасқан. Белсенді дамып келе жатқан оқу

орнына 2001 жылы 31 қаңтарда Үкіметтің №163 қаулысымен ғалымның есімі берілді. Жерлес жазушы С. Мұқанов публицист, саяхатшы-этнографтың өмірі жолы мен шығармашылық белесіне арнап «Аққан жұлдыз» романын жазады. Петропавл қаласында маңызды көше де талантты ғалымның атымен аталған. Бұл тарихи тұлғаның ұлттық санадағы орнын көрсетеді.

Республика Жазушылар одағын басқарған, Жоғарғы кеңестің бесінші шақырылымының депутаты болған, түрлі жанрларда көптеген шығармалар жазған, қазақ әдебиетінің классиктерінің бірі – С. Мұқанов. Ұлы жазушының өмір мен шығармашылығы мектеп бағдарламасына еніп, оқытылып келеді. Барлық жұртшылыққа танымал. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар деген жерде кедей отбасында туған. Жазушы «Өмір мектебі» трилогиясында осы Жаманшұбардың атауына да тоқталады. Шығармада Жамбыл ауданының кейбір топонимдік атауларының мазмұнын ашады. Аса дарынды, өзгеге ұқсамайтын, өзіндік мәнері бар шығарма. Жазушының ерен еңбегін жұрт бағалап, бүгінде атымен аталған нысандар өз қызметін жалғастыруда. С. Мұқановтың өзі тұрған үйінде 1978 жылы мұражай ашылған. Петропавл қаласында С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қалалық және аудандық кітапханалар үшін әдістемелік орталық болып табылады. Петропавл қаласында С. Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры 1999 жылдан бастап жыл санап өнер әлемінде кең қанат жайып келеді. Қаламызда педагогикалық тәжірибені анықтап, мектеп жүйесінің тәжірибесіне енгізуге бағытталған білім ордасы С. Мұқанов атындағы орта мектепте жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл да жерлес жазушымыздың тарихи тұлға ретінде ұлттық бейнесінің сақталуын танытады.

Дүниетанымының кеңдігімен, ой ауқымдылығымен, гуманизммен ерекшеленетін жарқын талант, жазушы Ғ. Мүсірепов есімі қазақ әдебиетінің жылнамаларында М. Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіровтермен қатар тұрады. Қазақ КСР ҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, КСРО Жазушылар Одағының хатшысы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жаңа жол ауылында дүниеге келген. Ұлтының дана, сұлу сөздерін бағалай білген жазушы, драматург, публицист қомақты шығармаларымен дүниежүзіне танылды. Шығармаларына арқау болған негіз – жазушыны қоршаған орта, кейіпкерлер мен бейнелердің байлығы, қазақ фольклоры мен тұрмыстық мәдениеті, қазақ халқы жанының шынайылығы мен жомарттығы. Бүгінде еліміздің ономастикалық кеңістігінде орын алып отыр. Мәселен, Алматы қаласында Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры жастардың өнерге деген сүйіспеншіліктерін оятуды мақсат еткен, достық пен өзара құрмет рухында тәрбиелейтін мәдени орта.

Петропавл қаласында жерлес қаламгер Ғ. Мүсірепов атындағы Облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында жыл сайын «Көркем сөздің шебері» атты әдеби-танымдық кештер өткізіліп тұрады. Солтүстік Қазақстан облысында Ғабит Мүсірепов атындағы аудан көркейіп келеді, орталығы – Новоишим ауылы.

ҚР халық жазушысы, драматург Сафуан Шаймерденов Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы Аманкелді ауылында дүниеге келген. Ұлттық әдебиетімізде қайталанбайтын қолтаңбасымен қаланған жарық тұғырлы тұлғаның есімі халық есінде. Оның аты да ономастикалық кеңістікте орын алады. Петропавл қаласында Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия педагогикалық құрамы мен оқу сапасы жағынан алдыңғы қатардағы білім ордасы.

Ұлттық өнер тарихында есімі алтынмен өрнектелген, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Дүйсеке ауылында дүниеге келген ақын Ерік Асқаровтың орны ерекше. «Бұзық» ақын атанған айтыскер «жарқ етіп көзге көрінген» деген тіркеспен ел аузында қалған тарихи тұлғаға есімін ұрпақ жадында қалдыру мақсатында Ерік Асқаров атындағы Облыстық жас ақындар өнер мектебі ашылды.

Келесі жол халқымыздың азаттық жолында күрескен батырларымыз жайлы болмақ. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан тұрғындары фашизмге қарсы күреске белсене қатысты. Ұлы жеңіске Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары да майдан даласындағы шайқастарда және тылдағы қажырлы еңбектерінде өз үлестерін қосты. 56 солтүстік қазақстандық ерлігі мен батырлығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Петропавл қаласында 1907 жылы дүниеге келген Зейнолла Әбілмәжінұлы Сыздықов Ленинградтан Польшаға дейін 314-ші дивизиямен әскери жолдан өтті. Жеңіске бір ай қалғанда ауыр жараланып, қайтыс болады. Ленинград түбіндегі шайқаста көзге түсіп, Қызыл Ту орденімен марапатталады.

229 атқыштар полкінің рота командирі, аға лейтенант Әбу Досмұхамбетов Солтүстік Қазақстан облысы Үшкөл ауылында 1920 жылы дүниеге келген. Қолбасшы ретінде бірнеше шайқастарда әскерін басқарып, жауына тізе бүктірген. Брянск, Курск, Днепр шайқастарында ерлік көрсеткені үшін Ленин орденімен және «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталған. 1943 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жарлығымен әскери тапсырмалар мен неміс басқыншыларымен шайқаста көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Украина мемлекетінде Чернобыль қаласында көше батыр есімімен аталады. Петропавл қаласында Облыстық дарынды балаларға мамандырылған гимназия-интернаты Кеңес Одағының Батыры есімімен аталады. Оқу ошағының алдында бюст орнатылған.

177-ші гвардиялық атқыштар полкінің взвод командирі, Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының Қаратал ауылында 1911 жылы дүниеге келген Кеңес Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраев. Өзінің әскери тактикасымен взводты Пилица өзеніне шығарды және жауды сол жерде жойды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 27 ақпандағы Жарлығымен неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі, батылдығы мен батырлығы үшін гвардия лейтенанты Ысқақов Ыбырайға Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалі (№ 7473) тапсырылып, Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Солтүстік Қазақстан облысының Сергеевка қаласында батырдың бюсті орнатылды. Ол жұмыс істеген кеңшар және Теренсай ауылындағы көше оның есімімен аталған. 2001 жылы Ленин ауылы Ысқақ Ыбыраев ауылы болып қайта аталды.

Солтүстік қазақстандықтар өздерінің батыр-жерлестерін үнемі еске алуда, ұмытылмас ерліктерін жас ұрпаққа паш етуде, тарихи тұлға ретінде ұлттық танымдағы орнын қалдыруда аттарымен көшелер мен мектептер аталды, бюстер мен ескерткіштер орнатылды. Соның ішінде Петропавлда 314-ші дәрежелі Кутузов II дәрежелі Кингисепп ордені атқыштар дивизиясы аталатын үлкен ескерткіш тұрғызылды. Қаламызда Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай Жеңіс саябағы ашылды.

Қорытынды

«Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған. Қазақтың сал-серілер мектебінің алтын ордасы болған Есіл-Көкше өңірін еске алғанда Сегіз сері, Біржан, Ақан сері, Үкілі Ыбырай ойға оралады, ән әлеміне бөленесіз. Шығармасы, өмірі, ортасы, елі жайлы деректерде мәлімет жеткілікті. Осы есімдердің ұлттық санадағы орны ерекше.

Сонымен, тарихи тұлғаларды талдаудағы ортақ белгі – адамды атау ерекшелігімен байланысқан. Солардың ішінде кісі есімдері денотатты жекелеудің жоғары деңгейіне ие, яғни әр адамның азан шақыртып қойған өз аты бар, қалған атаулары қосымша және халықтың тарихи-мәдени дәстүрімен байланысты қойылғандар. Адамзат мәдениетінің географиялық атаулары – ұрпақтан ұрпаққа өтіп, жаңа ұрпаққа халықтың өткенін, оның қасиетті мұрасын жеткізетін баға жетпес мәдени ескерткіштер. Топонимдер халықтың әлеуметтік-экономикалық тарихымен, халықтың өткенімен, оның өлкесімен, Отанының мәдениетімен, тіл тарихымен тығыз байланысты. Жоғарыда талданған тарихи тұлғалардың есімдері прецеденттік атау болып халық санасында қалыптасты, ономастикалық кеңістікте орын алған құнды атаулар. Есімдердің мәні ана тілінде сөйлейтіндерге белгілі. Бұл есімдер ешқашан өлмейді, қоғамдық ұлттық танымдық кеңістікте сақталады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Таласпаева, Ж. С.** Жамбыл және Мағжан Жұмабаев аудандарының топонимикасы [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Ж. С. Таласпаева, М. Т. Есмадова. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. – 124-б.
- 2 **Сұрағанұлы, М.** Ауылым алтын бесігім [Мәтін]. – Қызылжар, 2010. – 59-б.
- 3 **Жұмабаев, С.** Туған жер шежіресі [Мәтін]. – Петропавл, 2006. – 450-б.
- 4 **Кубрякова, Е. С.** Язык и значение [Текст]. – М. : Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
- 5 **Ізтілеуова, Д.** Ұлттың арда ұлы – Нығмет еді [Электрондық ресурс]. <https://turkystan.kz/article/56533-ltty-arda-ly-ny-met-edi/>.
- 6 **Пресняков, С.** Легенды и были Северного Казахстана [Текст]. – Петропавл : Северный Казахстан, 2017. – 340 с.
- 7 **Оңғарбаева, Н.** Солтүстік Қазақстан облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы [Мәтін] / Оңғарбаева Н., Оспанов К. – Астана : ІС-Сервис, 2008. – 240-б.
- 8 **Прманова, Н. А.** Историко-лингвистический анализ тюркской ойконимии Кызылординской области Казахстана [Текст] : автореф. дис... канд. филолог. наук / Н. А. Прманова. – Казань : КГУ, 1997. – 21 с.
- 9 **Халмуратов, И. О.** Ономастико-синтактические свойства ойконимов Южного Каракалпакстана [Текст] // Молодой ученый. – 2020. – №27 (317). – С. 370–373. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://moluch.ru/archive/317/72075/> (Дата обращения 06.02.2024).
- 10 **Tichelaar, T. R.** Toponymy and language [Text] // DGSD-UNGEGN Toponymy Course Enschede/Frankfurt am Main August. – 2002. – 12–23. – P. 7–17.

References

- 1 **Talaspayeva, Zh. S.** Jambyl jäne Mağjan Jūmabaev audandarynyñ toponimikasy [Toponymia districtuum Zhambyl end Magzhan Zhumabayev] [Text]: oqu-ädistemelik qūral / Zh. S. Talaspayeva, M. T. Esmatova. – Petropavl : M. Qozybaev atyndağy SQMU, 2018. – 124 p.
- 2 **Suraganuly, M.** Auylym altyn besigim [Vicus meus cunabula aurea]. – Qyzyljar, 2010. – 59 p.
- 3 **Zhumabaev, S.** Tuğan jer şeжіresі [Locus nativitatis Chronici] [Text]. – Petropavl, 2006. – 450 p.
- 4 **Kubryakova, E. S.** Yazyk i znachenie [Lingua end significatio] [Text]. – Moscow : Yazyki slavynskoi kultury, 2004. – 560 p.

5 **Iztileuova, D.** Ülttyñ arda üly – Nyğmet edı [Filius gentis maximus fuit Nigmet] [Electronic resource]. – <https://turkystan.kz/article/56533-ltty-ar-da-ly-ny-met-edı/>.

6 **Presnyakov, S.** Legendy i byli Severnogo Kazakhstana [Fabulae end Legendae Kazakhstan septentrionalis] [Text]. – Petropavl : Severny Kazakhstan, 2017. – 340 p.

7 **Ongarbayeva, N.** Soltüstik Qazaqstan oblysynyñ onomastikalıyq ataularynyñ körsetkiş-anyqtamalyğy [Index-relatio nominum onomasticorum regionis Kazakhstanae septentrionalis] [Text]. Ongarbayeva N., Ospanov K. – Astana : IC-Service, 2008. – 240 p.

8 **Prmanova, N. A.** Istoriko-lingvisticheski analiz turkskoi oikonimii Kyzylordinskoi oblasti Kazakhstana [Istoriko-linguisticheskiy analiz Turkishkoi oikonimii Kyzylorda regionis Kazakhstanae] [Text] : avtoref. dis... kand. filolog. nauk / N. A. Prmanova. – Kazan : KSU, 1997. – 21 p.

9 **Halmuratov, I. O.** Onomastiko-sintakticheskie svoistva oikonimov Iujnogo Karakalpakstana [Proprietates onomastico-syntacticae oikonimov Yuzhnogo Karakalpakstana] [Text] // Molodoy uchenyi. – 2020. – №27 (317). – P. 370–373. [Electronic resource]. – URL: <https://moluch.ru/archive/317/72075/> (Access date 06.02.2024).

10 **Tichelaar, T. R.** Toponymy and language [Text] // DGSD-UNGEGN Toponymy Course Enschede/Frankfurt am Main August. – 2002. – 12–23. – P. 7–17.

30.01.24 ж. баспаға түсті.

01.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*М. Т. Есматова, *Ж. С. Таласпаева, Г. С. Хамзина*

Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Республика Казахстан, г. Петропавловск.

Поступило в редакцию 30.01.24.

Поступило с исправлениями 01.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

ОЙКОНИМЫ, ВОЗНИКШИЕ НА ОСНОВЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ)

Без обучения нет истории. Если бы его не было, человечество не боролось бы за «независимость», «равенство», «демократию», «культуру» и другие подобные священные идеалы. Важно знать

историю названия ономастического пространства именами исторических деятелей, их место в истории и причину возникновения этих имен. Известных людей, которые запомнились казахскому народу как отважные полководцы, государственные деятели, талантливые послы, ораторы, мы знаем по легендам и летописям, написанным на страницах истории. Такие личности занимают место в ономастическом пространстве, которое стало символом Независимости Казахстана. Об этом свидетельствуют наименования резиденций, монументов и культурно-просветительских учреждений, посвященные нашим ханам, бием, героям, имена которых известны стране. В статье описывается исторический путь, пройденный историческими деятелями Северо-Казахстанской области, их достижения на этом пути, их место в ономастическом пространстве. Казахский народ смог изучить свое происхождение, регион, где родился и вырос, и придал особое значение будущему своего поколения. Поэтому есть объекты, сохранившиеся как памятники по значимости имен исторических личностей, и мы говорим о них. В статье описывается факт включения захоронений названных исторических деятелей в сакральную карту Северо-Казахстанской области.

Ключевые слова: историческая личность, известные имена, ономастическое пространство, ойконим, урбаноним, наследие, мавзолей, памятник, сакральные места, национальные познания.

*M. T. Esmatova, *Z. S. Talaspayeva, G. S. Khamzina*

M. Kozybayev North-Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Received 30.01.24.

Received in revised form 01.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

OIKONYMS ARISED ON THE BASIS OF HISTORICAL PERSONALITIES (IN NORTH KAZAKHSTAN REGION)

Without learning there is no history. If it did not exist, humanity would not have fought for «independence», «equality», «democracy», «culture» and other such sacred ideals. It is important to know the history of naming the onomastic space with the names of historical figures, their place in history and the reason for the emergence of these names. We know famous people who are remembered by the Kazakh people as brave commanders,

statesmen, talented ambassadors, and orators from legends and chronicles written on the pages of history. Such individuals occupy a place in the onomastic space, which has become a symbol of the Independence of Kazakhstan. This is evidenced by the names of residences, monuments and cultural and educational institutions dedicated to our khans, bis, heroes, whose names are known to the country. The article describes the historical path traveled by historical figures of North Kazakhstan region, their achievements along this path, their place in the onomastic space. The Kazakh people were able to study their origins, the region where they were born and raised, and attached special importance to the future of their generation. Therefore, there are objects preserved as monuments based on the significance of the names of historical figures, and we are talking about them. The article describes the fact of including the burials of these historical figures in the sacred map of North Kazakhstan region.

Keywords: historical figure, famous names, onomastic space, oikonym, urbanonym, heritage, mausoleum, monument, sacred places, national knowledge.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz